

Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ



БЕКІТЕМІН
Академиялық сапа жөніндегі
комитетінің төрағасы
Н.А.Ахатаев
« 1 » 09 2023ж.

ТҮЛЕК МОДЕЛІ

«БВ01518-География» білім беру бағдарламасы
бойынша бакалавр

Қызылорда қ, 2023

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	3
1	БББ сипаттамасы	3
2	Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері	3
2.1	Білім беру бағдарламасының мақсаттары	4
2.2	Білім беру бағдарламасының міндеттері	4
2.3	Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері	4
2.4	Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктермен салыстыру матрицасы	5
2.5	Маманның жеке қасиеттері	5

КІРІСПЕ

Бітіруші түлектін құзыреттілік моделін әзірлеу Болон процесінің негізгі бағыттарын жүзеге асырудың құзыреттілік моделі белгілі дәрежедегі (лауазымды), белгілі бір бейіндегі маман қандай кәсіби міндеттерді шеше алуы керек деген сұраққа жауап беруге арналған. Стейкхолдерлер және барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне жауап беретін ЖОО бітірушінің заманауи үлгісін қалыптастыру Қорқыт Ата атындағы ҚҰ-ның басты стратегиялық мақсаты болып табылады және оқу үдерісіне қажетті кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етіледі. Университетте еңбек нарығында сұранысқа ие бакалавриат түлектерін сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін мақсатты кадрлық саясат және жүйелі түрде университеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту жүргізіледі.

1. БББ сипаттамасы

Білім беру саласының классификациясы және коды: 6B01-Педагогикалық ғылым

Білім беру бағытының классификациясы және коды: 6B015 – Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау

Білім беру бағдарламаларының тобы: 6B015-география пәні мұғалімдерін даярлау

Кредиттер көлемі: 240 академиялық сағат

Оқу түрі: күндізгі

Оқу тілі: қазақ, орыс

Берілетін академиялық дәреже: 6B01518 – «География» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

Білім беру бағдарламасының түрі: қолданыстағы «6B015- Жаратылыстану ғылымдары бойынша пән мұғалімдерін дайындау» білім бағдарламасы

БЖХС бойынша деңгей: 6

ҰБШ бойынша деңгей: 6

СБШ бойынша деңгей: 6

6B01518 – «География» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2012жылғы 24 қыркүйектегі № 373-ө-м және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі №444 Бірлескен бұйрығымен бекітілген «Ұлттық біліктілік шеңбері»; «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымшасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (13.05.2016ж №292 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) негізінде әзірленген

2. Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері

Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, объектілері, кәсіптік қызмет түрлері мен бағыттары, маманның құзыреттілік моделі (1-қосымша) туралы ақпаратты, оның ішінде дескрипторлар, білім беру бағдарламасына сәйкес құзыреттердің түрі және білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтиды.

2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары

География бағыты бойынша жұмыс берушілердің талаптарына сай ғылыми географиялық және кәсіби саладағы мемлекеттік стандарттар бойынша еңбек қызметінің түрлі жағдайларында кәсіби міндеттерді шеше алатын орта мектеп үшін бәсекеге қабілетті, жоғары білікті географ-педагогтарды дайындау

2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- білім берудің озық стандарттары негізінде түлек моделіне және Қорқыт Ата атындағы ҚМУ құндылықтарына сәйкес болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын қамтамасыз ету;

- ББ әрбір пәні бойынша мәлімделген оқу нәтижелерін қамтамасыз ету;

- ПОҚ мен студенттердің парасаттылығын, эмпатиясы мен психологиялық сауаттылығын, ойлау мәдениеті мен мінез-құлқын қалыптастыру

2.3 Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері

"6B01517– География" білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттерін іске асыруға мынадай құзіреттіліктерді қалыптастыру ықпал етеді:

2.3.1-жалпы;

2.3.2-бейіндік;

Жалпы құзіреттіліктері сипатталады:

ЖҚ-1 -талаптардың жеке деңгейін қалыптастыруға және объективті бағалауға қабілетті, сондай-ақ білім алушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын меңгерген;

ЖҚ-2 - адамгершілік нормалары мен адамгершілік мінез-құлық негіздерін меңгерген;

ЖҚ-3 -шешім қабылдау кезінде әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі ережелері мен әдістерін қолдануға қабілетті

ЖҚ-4 -өз ойын ана тілінде дәйекті және сауатты тұжырымдайды және айтады, ауызша және ғылыми мәтіндермен жұмыс істеу және көпшілік алдында сөз сөйлеу үшін қазақ (орыс), шет тілдерінде жазбаша сөйлеу;

ЖҚ-5 -арнайы мәтіндерді түсіну және түсіну үшін шет тілін біледі;

ЖҚ-6 -ақпаратты алудың, сақтаудың, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдері мен құралдарын пайдаланады; компьютермен, оның ішінде ғаламдық компьютерлік желілерде жұмыс істеу дағдыларын меңгереді;

ЖҚ-7 -ғылыми зерттеуді ұйымдастыру принциптерін, ғылыми білімге қол жеткізу және құру тәсілдерін біледі;

ЖҚ-8 - гигиена, еңбекті қорғау талаптарына және ықтимал жағымсыз сыртқы әсерлерден қорғау ережелеріне сәйкес салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға қабілетті.

Бейіндік (кәсіби) құзіреттіліктер

БҚ-1 - психикалық және психофизиологиялық дамудың жалпы, ерекше (әр түрлі бұзушылықтар кезінде) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін есепке алу құралдарын қолдануға қабілетті, әртүрлі жас кезеңдерінде адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін реттеу ерекшеліктерін біледі;

БҚ-2 -Білім беру және кәсіби қызметте қазіргі жаратылыс ғылыми бейнесі жайлы білімдерді пайдалануға қабілетті, ақпаратты математикалық өңдеу әдістерін пайдаланып, теориялық және тәжірибелік зерттеулер жүргізеді.

БҚ-3-орта білім берудің ерекшелігін түсінеді, әртүрлі жастағы балаларға білім беруде сабақтастықты жүзеге асыру құралдарын меңгереді;

БҚ-4 -Географияны және оның сабақтас (экология, туризм, экономика негіздері, т. б.)

жалпы білім беретін мектептің пәндерін оқытудың теориялық негіздері мен технологияларын меңгерген;

БҚ -5 -географияның және оның сабақтас (экология, туризм, экономика негіздері, т. б.) пәндерінің тұжырымдамалық және теориялық негіздерін, олардың ғылымдар мен құндылықтардың жалпы жүйесіндегі орнын, даму тарихы мен қазіргі жай-күйін біледі;

БҚ-6 -іргелі географиялық заңдар мен теориялар, табиғат пен экономикадағы құбылыстар мен процестердің табиғи мәні туралы білім жүйесін меңгерген;

2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктермен салыстыру матрицасы

Құзыреттілік	ON1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5	ON 6	ON 7	ON 8
ЖҚ1	+	+					+	+
ЖҚ 2	+	+						
ЖҚ 3	+	+						
ЖҚ 4	+	+						
ЖҚ 5	+							
ЖҚ 6	+							
ЖҚ 7	+							
ЖҚ 8							+	
БҚ 1						+		
БҚ 2						+	+	
БҚ 3						+		
БҚ 4						+		
БҚ 5						+	+	+
БҚ 6						+		

2.5. 6B01518 – География бойынша маманның жеке қасиеттері.

6B01518 – «География» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызмет түрлері:

- *білімділік* (педагогикалық): білім алушыларды оқыту мен дамыту, оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру, педагогикалық процесті жобалау және басқару, педагогикалық қызметтің нәтижелерін коррекциялау, жобалау, диагностика жасауы;

- *оқу - тәрбиелік*: оқу тәрбие жұмыстарын педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес іске асыруы; сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлауы; география бойынша сыныптан тыс жұмыстарды оқыту мен тәрбиенің әртүрлі формалары мен әдістерін таңдау және қолдануы;

- *оқу-технологиялық*: оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдануы; оқу-технологиялық процесін ұйымдастыруға және ақпараттық коммуникациялық құралдары және технологияларды пайдаланып ақпараттық ресурстарды өңдеу;

- *әлеуметтік педагогикалық*: білім алушылардың өмір сүруіне, тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және педагогикалық қолдау көрсетуі;

- *эксперименттік - зерттеу*: ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқып білуі; география бойынша білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу және қорытуы; педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне

енгізуі;

- *ұйымдастыру - басқару*: географиялық білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлауы; оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтауы.

- *ақпараттық - коммуникативтік*: қоғаммен, ұжыммен әлеуметтік қарым-қатынас жасай алуға қабілеттілік, топпен жұмыс жасай алу; тілді меңгеруі; жазбаша және ауызша диалог, іскерлік хат жүргізе алуы.